

**«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП - 2025» қалалық
байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Оқуға құштар мектеп - 2025» қалалық байқауының Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес әзірленген.
- 1.2. Ереже елордалық жалпы білім беру ұйымдары арасында «Оқуға құштар мектеп - 2025» қалалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережелерін және оның ұйымдастырылу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.3. Байқаудың өткізілу түрі - онлайн және офлайн.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. **Мақсаты:** «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру аясында жалпы білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарату.

2.2. **Міндеттері:**

- оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыруға бағытталған мәдени-ағартушылық, ақпараттық және технологиялық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыратын шығармашыл мектептерді анықтау;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жалпы білім беру ұйымдарының тәжірибесін қолдау және тарату;
- білім алушылардың оқу белсенділігін қалыптастырудағы мектеп рөлін арттыру;
- оқу құзіреттілігін арттыру, оқуға тарту мақсатында мектеп идеяларын қолдау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу белсенділігін ынталандыру;
- кітап оқуды насихаттау және оқу мәдениетіне шақыру.

3. ЕРЕЖЕДЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ТҰЖЫРЫМДАР

3.1. Осы Ережеде келесі тұжырымдар қолданылады:

- 1) қазылар алқасы – «Оқуға құштар мектеп - 2025» қалалық байқауының жеңімпаздарын анықтау үшін, Орталық басшысының бұйрығына сәйкес құрамы кемінде 7 адамнан тұратын тұлғалар (бұдан әрі – қазылар алқасы);
- 2) байқауға қатысушы – осы Ережеге сәйкес байқауға қатысу үшін құжаттарын ұсынған білім беру ұйымы;
- 3) белсенді сілтеме – қандай да бір объектіге арналған нұсқағыш (YouTube, Instagram, Facebook, сайт);
- 4) бейне ролик – ақпараттық, жарнамалық немесе оқу-тәрбиелік мазмұндағы қысқа бейне ақпарат;
- 5) көркем әдебиетке шолу – кітаптарды ұсынудың негізгі форматы. Кітапхана оқырмандарын жаңалықтармен таныстыру немесе әдебиеттердің тақырыптық

таңдауын жасау үшін қолданылады;

б) марапаттау – байқауда жеңімпаз атанған білім беру ұйымына табыс етілетін диплом.

4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. Байқауға мемлекеттік жалпы білім беретін ұйымдар қатыса алады:

- байқау материалдарын оқушылар, мұғалімдер, кітапханашылар немесе мектептің басқа қызметкерлері ұсына алады;
- байқауға қатысушылардың жасы мен еңбек өтілімен шектеу қойылмайды.

5. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін жұмыс тобы және қазылар алқасы құрылады.

5.2. Жұмыс тобының құрамы Орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5.3. Байқау жеңімпаздарын анықтау үшін әділ қазылар құрамы Орталық басшысының бұйрығымен құрылады және бекітіледі.

5.4. Жұмыс тобы байқаудың басталуына он бес күн қалғанда байқауды өткізу туралы ақпаратты <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерде жариялайды.

5.5. Жұмыс тобы:

- байқау материалдарының тізбесін анықтайды, оның рәсімделуіне қойылатын талаптарын және бағалау критерийлерін әзірлейді;
- өткізу орнын, уақытын, нысаны мен өткізу тәртібін айқындайды.

5.6. Қазылар алқасы:

- байқаудың I кезеңі материалдарын бағалайды және II кезеңге қатысу үшін үздік жұмыстарды іріктейді;
- қатысқан қазылар алқасы мүшелерінің көпшілік дауысымен байқаудың екінші кезеңіне қатысуға ұсыну туралы шешім қабылдайды;
- I кезеңнің қорытындысы бойынша шешімді хаттамамен рәсімдейді;
- II кезең материалдарын қарастырады және байқау жеңімпаздарын анықтайды;
- шешімдерді хаттама арқылы рәсімдейді;
- жеңімпаздарды марапаттайды.

5.7. Қазылар алқасы байқау тапсырмаларын бағалау критерийлерін жүйе бойынша тиісті бағалау парақтарын сәйкес жүзеге асырады.

5.8. Байқаудың екінші кезеңінің қорытындысы байқау аяқталғаннан кейін шығарылады, байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

5.9. Байқауға қатысу үшін n.zhumazhanova@astana-modern.edu.kz электронды поштасына 2025 жылғы 27 қарашаға дейін келесі құжаттар ұсынылады:

- байқауға қатысу үшін осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес «Кел, балалар, оқылық!» оқуға шақыру тақырыбында 5 минуттық бейне роликті YouTube арнасына орналастырған белсенді сілтеме толтырылған өтінім;

- осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шаралар тізімі (2025 жылы), сондай-ақ олардың өткізілгенін растайтын ақпарат жарияланған сайтқа немесе әлеуметтік желідегі парақшаға сілтеме ұсыну.

5.10. Байқау материалдары 1-қосымша және 2-қосымшада көрсетілген реттілік бойынша **Word** форматында және **скан** түрінде (мектеп басшысымен бекітілген) жіберілуі тиіс.

5.11. **Белгіленген мерзімнен кейін жіберілген жұмыстар қабылданбайды.** Бұған дейін аталған байқауға қатысқан материалдар, сондай-ақ рәсімдеу мен мазмұнға қойылған талаптарға сәйкес емес материалдар қарастырылмайды. Байқау материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

6. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Байқау кезеңдері

Байқау екі кезеңді қамтиды:

I кезең: 2025 жылғы **1-5 желтоқсан** аралығында өтеді. Қазылар алқасы «Кел, балалар, оқылық!» атты кітап оқуға шақыратын 5 минуттық бейне ролик пен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шараларды осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес бағалайды.

6.2. Қалалық байқаудың I кезеңінен сәтті өткен білім беру ұйымдарының тізімі Орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

6.3. Байқаудың бірінші кезеңінде 35 ұпайдан жоғары нәтиже көрсеткен білім беру ұйымы байқаудың екінші кезеңіне қатысуға жолдама алады.

II кезең: Байқаудың бірінші кезеңінен сәтті өткен білім беру ұйымы «Booktalk» (кітап туралы әңгіме) форматында мектеп жасындағы балаларға арналған көркем әдебиетке шолу жасайды.

«Booktalk» форматы – бұл кітапқа шолу жасаудың заманауи, қысқа әрі эмоционалды форматы. Кітаптың мазмұнын баяндаусыз, бірақ оқуға деген қызығушылықты оятатын тартымды элементтері бар 5–7 минуттық шағын таныстырылым. Қатысушы кітапты неге оқу қажет екенін мәнерлеп баяндап, сөйлеу, музыка, суреттер немесе бейне үзінділерді пайдаланады.

Білім беру ұйымы (қызметкерлері) әдебиетке шолу жасап, жұмысты офлайн форматында қорғайды.

7. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

7.1. Байқаудың нәтижесі бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

7.2. Байқаудың қорытындысы бойынша келесі жүлделі номинациялар беріледі:

- «Оқуға құштар мектеп»
- «Кітапқа құштар білім алушы»
- «Үздік танымдық бейнебаян»

7.3. Қазылар алқасының шешімімен қосымша номинациялар берілуі мүмкін.

7.4. Байқау жеңімпаздары дипломдармен марапатталады.

7.5 Байқау нәтижелері <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

Қосымша 1

«Оқуға құштар мектеп - 2025» қалалық байқауына қатысуға ӨТІНІМ

1	Білім беру ұйымының толық атауы	
2	Электронды пошта (мектептің)	
3	Жауапты тұлғаның толықтай Т.А.Ә. (жеке куәлігі бойынша)	
4	Байланыс телефоны (жауапты тұлғаның)	
5	Электронды пошта (жауапты тұлғаның)	
6	Бейне роликке сілтеме YouTube арнасында орналастырылған оқуға шақыратын «Кел, балалар, оқылық!» 5 минуттық бейне ролик	

**«Оқуға құштар - мектеп» жобасы аясында 2025 жылы өткізілген
іс-шаралар тізімі**

№	Іс-шараның тақырыбы	Форматы (шебер-сынып, байқау, конференция, челлендж т.с.с.)	Іс-шараның өткізілгені туралы ақпарат жариаланған әлеуметтік желіге сілтеме	Қысқаша мазмұны	Қамтылған қатысушылар саны
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
6.					
7.					
8.					
9.					
10.					
11.					
12.					
13.					
14.					
15.					

I кезең**Бақылау парағы**

Білім беру ұйымының атауы

(Әрбір критерий бойынша бағалаудың жоғары ұпайы – 5)

№	Бағалау критерийлері	Ұпайлар саны
<i>Бейне роликті бағалау критерийлері (қосымша 1)</i>		
1	бейне материалдың тақырыпқа сәйкестігі	
2	мазмұндылығы	
3	креативтілігі	
4	түсірілім кәсібилігі, түсірілім сапалығы	
5	бейне материалдың ұзақтығы - 5(бес) минут регламент сақталуы <i>сақталмаған жағдайда 2 ұпай шегеріледі</i>	
<i>Өткізілген шараларды бағалау критерийлері (қосымша 2)</i>		
6	іс-шараның өзектілігі	
7	іс-шараның тақырыбы мен ақпарат орналастырылған әлеуметтік желі сілтемесінің сәйкестігі <i>сәйкес келмесе бағаланбайды</i>	
8	ұйымдастырылған іс-шаралар саны <i>1-5 шара 1 ұпай 6-10 шара 2 ұпай 11-15 шара 3 ұпай 16-20 шара 4 ұпай 20-дан көп шара 5 ұпай</i>	
9	мазмұны және ақпараттылығы	
Жалпы ұпай		

II кезең**Көркем әдебиетке шолу жүргізу жұмысын бағалау парағы***(әр критерий бойынша жоғары ұпай - 5)*

№	Бағалау критерийлері	Ұпай саны (критерийге сәйкес келмесе бааланбайды)
1	шолу жасаудың креативтілігі	
2	шығарманы ұсынуы дауыс ырғағы көрнекілігі бірізділігі суреттеуі	
3	кітап мазмұнының ашылуы	
4	кітаптың тақырыптық өзектілігі	
5	актерлік шеберлігі және қойылым	
6	регламенттің сақталуы	
Жалпы ұпай		